

«Бекітемін»
Т.Рыскулов ауданының
білім бөлімінің басшысы
М.Сванов
« 13 » 17 2025ж



ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП ЛИГАСЫ

бағдарламасындағы
Үстел теннисі (ұ,қ.) арасындағы аудандық
жарысының
ЕРЕЖЕСІ

Құлан ауылы

I. Мақсаты және міндеттері.

- Балаларды зиянды әдеттерден спорт арқылы көңілін аудару;
- Рухани жігерлілікке, адамгершілікке, патриоттыққа тәрбиелеу;
- Спорттық ізбасарларды қалыптастыру үшін дарынды ойыншыларды табу;
- Өңірлік мектептердегі спорт түрлерін дамытудың деңгейін арттыру.
- Білім беру ұйымдарындағы оқушыларды тұрақты түрде спортпен шұғылдануға тарту;
- Ойын спорт түрлерінен білім беру ұйымдарының мектеп лигасының үздік сынып командаларын анықтау.
- Білім беру ұйымдарының оқушыларын командалық спорт түрлерінен үйрету;
- Салауатты өмір салтын насихаттау;

II. Басшылық және ұйымдастыру

ҰМЛ өткізуді тікелей басқару ұйымдастыру комитеті бекіткен төрешілер алқасына жүктеледі.

Т.Рысқұлов ауданы білім бөлімі, Т.Рысқұлов аудан әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасымен бірлесіп жарысты жалпы үйлестіруді жүзеге асырады.

III. Мерзімі және өтетін орны

ҰМЛ аудандық 3 кезеңде өткізіледі:

Бірінші кезең – Мектепшілік кезең. (Қыркүйек айында өтеді.)

Екінші кезең - Аймақтық кезең (Қазан айында өтеді.)

Үшінші кезең - Аудандық кезең 18 Қараша күні өтеді.

2025 жылдың 18 Қараша күні сағат 09:00 де Мондаттық комиссия отырыс.

№3 орта мектебінің базасында

IV. Лигаға қатысу өтінім

Білім беру мекемелерінің 5-6, 7-8, 9-11 сынып оқушылары.

Жарысқа қатысушылар ағымдағы оқу жылының 1 қыркүйекке дейін Күнделік және Ұлттық білім беру деректер қоры жүйесіне тіркелу тиіс.

Ескерту: Әрбір қатысушы өзі оқып жатқан сыныптан/мектептен қатысады.

Мондаттық комиссияға мынандай құжаттар ұсынылады.

- Стандартты үлгіде өтінім.
- Анықтама немесе спортшының жеке карточкасы.
- Білім беру ұйымының оқушылардың өмірі мен қауіпсіздігіне жауапкершілік туралы бұйрығы.

ІҮ. Спорт түрлері бойынша

1. Үстел теннисі

Ойындар Федерация бекіткен Үстел теннисі ережелеріне сәйкес өткізіледі.

2025 жылдың 18 Қараша күні сағат 09:00 де Мондаттық комиссия отырыс.
№3 орта мектебінің базасында

№	Сыныбы	Қатысушы саны	Өтетін жері	Өтетін күні
1	5-6 сынып	2 ұл 1 қыз	№3 орта мектебі	18.11.2025ж
2	7-8 сынып	2 ұл 1 қыз	№3 орта мектебі	
3	9-11 сынып	2 ұл 1 қыз	№3 орта мектебі	

VI. Тәртіпсіздік әрекеттер мен санкциялар

Ойыншылар.

Ойыншының судьяларға, қарсыластар мен көрермендерге қарсы дөрекілік әрекеттері, әдепсіз сөйлегені, демонстрациялық түрде допты лақтыруы және басқа да ұқсас әрекеттері төрешіге қарсылық ретінде қарастырылады; Мұндай жағдайда ойыншыны жазалау халықаралық ресми Ережеге сәйкес орындалады.

Командалар.

Команда ойыншылары өрескел тәртіп бұзушылық жасаған жағдайда, жаттықтырушылар команда басшылығынан шеттетіледі, сондай-ақ спорт ғимаратынан, ал команда ойыншылары жарыстан шығарылады (төбелес, спорт тәртібін бұзу, спорттық мүліктерді қирату және т.б.).

Тұрар Рысқұлов ауданы білім бөлімі командаға, команда өкілі мен жаттықтырушыларға көрсеткен өрескел сорақылық әрекеттері үшін шара қолдануға, сонымен қатар, турдың бас төрешісінің шешімін қайта қарап, олардың айыппұл санкциясын ұлғайтуға құқылы.

«Жалған құжаттарды, мөртабандарды, мөрлерді, бланкілерді, мемлекеттік пошта төлемі белгілерін, мемлекеттік наградаларды қолдан жасау, дайындау немесе өткізу» 2014 жылғы 3 шілде №226-V Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 385-бап.

ҮІ. Жүлдегерлерді марапаттау.

Жарыста I-II-III орын алған командаларға Т.Рысқұлов ауданы білім бөлімінің арнайы дипломдарымен марапатталады.

ҮЛГІ:

«Ұлттық мектеп лигасының» _____ сынып оқушылары арасындағы
Үстел теннисі жарысына _____ командасынан
ТАПСЫРЫС

№	Спортшының аты-жөні	Туған жылы, айы, күні	Сыныбы	Жсн	Дәрігер рұқсаты
1					
2					
3					

Мектеп директоры

Мөрі және қолы

Дәрігер

Мөрі және қолы

Жаттықтырушы

Қолы